

Санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды және хабарлама мәселесіне қатысты

I. Қазақстан Республикасының «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексіне сәйкес денсаулық сақтау саласындағы рұқсат беру құжаттарына мыналар жатады:

- **19-бап** – эпидемиялық маңызы жоғары объектінің сәйкестігі туралы санитариялық-эпидемиологиялық қорытынды;
- **24-бап** – эпидемиялық маңызы төмен объектілердің қызметі (пайдаланылуы) саласындағы хабарлама.

II. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің «Халықтың санитариялық-эпидемиологиялық салауаттылығы саласында мемлекеттік бақылау мен қадағалауға жататын өнімдер мен эпидемиялық маңызы бар объектілердің тізбесін бекіту туралы» 2020 жылғы 30 қарашадағы № ҚР ДСМ-220/2020 бұйрығына қосымшаға сәйкес:

1-тармақ. Эпидемиялық маңызы жоғары өнімдерге мыналар жатады:

- тағамдық өнімдер (адам тағам ретінде тұтынатын табиғи немесе өңделген күйдегі өнімдер), оның ішінде гендік-инженерлік-модификацияланған (трансгенді) организмдерді пайдалана отырып алынған өнімдер;
- парфюмериялық-косметикалық өнімдер, ауыз қуысы гигиенасына арналған құралдар;
- тағам өнімдерімен жанасатын материалдар, бұйымдар мен жабдықтар.

3-тармақ. Эпидемиялық маңызы жоғары объектілерге мыналар жатады:

1. балаларға арналған сүт асханалары;
2. ұйымдасқан ұжымдардағы қоғамдық тамақтану және сауда объектілері;
3. кремді кондитерлік өнімдер өндіретін объектілер;
4. көліктегі (теміржол, әуе, су және автомобиль) қоғамдық тамақтану объектілері, борттық тамақтану объектілері;
5. 50-ден астам отырғызу орны бар, тағамдық өнімдерді өндіру, қайта өңдеу және өткізу жүзеге асырылатын қоғамдық тамақтану объектілері;
6. сүтті қайта өңдеу объектілері, дайын сүт өнімдерін өндіру объектілері;
7. етті қайта өңдеу объектілері, ет пен ет жартылай фабрикаттарын және (немесе) дайын ет өнімдерін өндіру объектілері;
8. балықты қайта өңдеу объектілері, балық және балық жартылай фабрикаттарын және (немесе) дайын балық өнімдерін өндіру объектілері;
9. құсты қайта өңдеу объектілері, құс етінен жартылай фабрикаттар және (немесе) дайын өнімдер өндіру объектілері;
10. май-тоңмай өнімдерін өндіру объектілері;
11. алкогольді, алкогольсіз өнімдерді, сондай-ақ ыдыстарға құйылған ауыз суды (оның ішінде минералды суды) өндіру объектілері;
12. жеміс-жидекті қайта өңдеу объектілері, өсімдік тектес ауыл шаруашылығы өнімдерін, оның ішінде соя өнімдерін қайта өңдеу объектілері;
13. арнайы тағамдық өнімдерді өндіру, сақтау және (немесе) өткізу объектілері;
14. ас тұзын және йодталған тұзды өндіру объектілері;
15. ұн тарту объектілері;
16. нан және нан-тоқаш өнімдерін пісіру объектілері;
17. қант өндіру объектілері;
18. тағамдық өнімдерді көтерме сақтау және (немесе) өткізу объектілері.

4-тармақ. Эпидемиялық маңызы төмен объектілерге мыналар жатады:

1. 50 және одан аз отырғызу орны бар, тағам өнімдерін өндіру, қайта өңдеу және өткізу жүзеге асырылатын қоғамдық тамақтану объектілері, отырғызу орындары жоқ тапсырыс бойынша тағамдар мен аспаздық өнімдер өндіретін кәсіпорындар;
2. тағам өнімдерін автоматты түрде дайындау және өткізуге арналған аппараттар;
3. кремсіз кондитерлік өнімдер өндіру объектілері;
4. ұннан жасалған жартылай фабрикаттар мен макарон өнімдерін өндіру объектілері;
5. чипстер, сухариктер, жүгері таяқшалары, казинак, тұқымдар, құрғақ таңғы астар, слайстар, қант мақтасы, попкорн, қуырылған жаңғақтар өндіру объектілері;
6. дайын тағамдық өнімдерді қаптау объектілері;
7. тағамдық концентраттар мен тағамдық қышқылдар өндіру объектілері;
8. шай, ашытқы және желатин өндіру объектілері;
9. крахмал-сірне өнімдерін және крахмал өндіру объектілері;
10. парфюмериялық-косметикалық өнімдер мен гигиеналық құралдарды сақтауға арналған қоймалар;
11. парфюмериялық-косметикалық өнімдер мен гигиеналық құралдар өндіру объектілері;
12. азық-түлік базарлары, көтерме және бөлшек сауда объектілері.

III. Денсаулық сақтау саласындағы рұқсат беру құжаттарының қолданылу мерзімдері Қазақстан Республикасының «Рұқсаттар және хабарламалар туралы» Заңымен белгіленеді.

Аталған Заңның **17-бабына** сәйкес:

1. Жеке және заңды тұлғалар қызметтің немесе әрекеттердің (операциялардың) жекелеген түрлерін бастау және одан әрі жүзеге асыру үшін қолданыстағы рұқсатты алуға немесе осы Заңда белгіленген тәртіппен мемлекеттік органдарға хабарлама жіберуге міндетті.
2. Осы Заңда рұқсат беру немесе хабарлама тәртібі белгіленген қызметті немесе әрекеттерді (операцияларды) тиісті рұқсатсыз немесе хабарламасыз жүзеге асыруға жол берілмейді.
3. Осы Заңға сәйкес рұқсат беру немесе хабарлама тәртібі енгізілгенге дейін рұқсатсыз немесе хабарламасыз қызметті жүзеге асырған жеке және заңды тұлғалар қызметті жалғастыру үшін тиісті рұқсат алуға немесе тиісті хабарлама жіберуге міндетті.

IV. Қазақстан Республикасының «Әкімшілік құқық бұзушылық туралы» Кодексінің 324-бабына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды бұзу жеке тұлғаларға – ескерту жасауға немесе он, лауазымды тұлғаларға және шағын кәсіпкерлік субъектілеріне – он бес, орта кәсіпкерлік субъектілеріне – жиырма, ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – жүз айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға әкеп соғады.